

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ИНТЕРНАТ ИМЕНИ
ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2022 жыл 31 тамыз

№ 420

**2022-2023 оқу жылына педагогикалық,
оқу-әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік,
жас мұғалімдер мектебі, шығармашылық
тобы, озық тәжірибе мектебі туралы
ережелерін бекіту туралы**

Мектеп-интернаттың шығармашылық қызметінің заңдылық қағидатын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022-2023 оқу жылына педагогикалық кеңес туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 1*).

2. 2022-2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің Ережесі бекітілсін (*қосымша 2*).

3. 2022-2023 оқу жылына оқу – әдістемелік кеңес туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 3*).

4. 2022-2023 оқу жылына жас мұғалімдер мектебі туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 4*).

5. 2022-2023 оқу жылына шығармашылық тобы туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 5*).

6. 2022-2023 оқу жылына озық тәжірибе мектебі туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 6*).

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз атыма қалдырамын.

Директор



Ы.Келинбердиева

*Қостанай облысы білім басқармасының «БІ.
Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-интернаты» КММ директорының 2022
жылғы 31 тамыздағы №420 бұйрығына
Қосымша 4*

Жас мұғалімдер мектебі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Әдістемелік жұмыс мазмұнында жас мамандармен жұмыс жасау маңызды орын алып отыр.

1.2. Жас мамандармен жұмыс жасау жүйесінде – «Жас мұғалімдер мектебі» (ЖММ) жұмысы ұйымдастырылады. Ол жас педагогтардың жаңа жағдайларға бейімделуге қолдау көрсетеді.

1.3. ЖММ жетекшісі жас педагогтарды мекеме жұмысының негізгі бағыттарымен, оның құрылымымен таныстырады, педагогикалық қызметкерлер мен білім мекемесінің аттестаттауы туралы әңгіме қозғайды.

1.4. Жас маманмен өткізілетін жұмысты мазмұнды, пайдалы және тиімді өткізу, оқу-тәрбие жұмысындағы қиындықтарды жеңуге көмектесу ЖММ жетекшісінің негізгі мақсаты болып табылады.

2. Жас мұғалімдер қызметінің мақсаты мен міндеттері

2.1. Жас мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі деңгейін арттыру.

2.2. Жас мұғалімдер мектебі қызметінің міндеттері:

- Жас мұғалімдерге кәсіби бейімделуде көмек көрсету;
- Кәсіби дайындық деңгейін анықтау.
- Педагогикалық тәжірибедегі қиындықтарды айқындау және олардың алдын алу бойынша шараларды қолдану.
- Жас мұғалімдерді өз бетінше білім алу, біліктілігін қалыптастыру және тәрбиелеу.
- Педагогтың шығармашылық қызметінің жеке үлгісін қалыптастыруға көмек беру.
- Жас мұғалімдердің шығармашылық даралығын қалыптастыру.

3. Жас мұғалімдер мектебі жұмысының негізгі бағыттары

3.1. Бейімделу жұмысы:

- Жас мұғалімді мектеппен, педагогикалық ұжыммен таныстыру.
- Жас мұғалімге тәлімгерді бекту.
- Педагогикалық шеберлік өсуінің диагностикалық картасын жасау.
- Сауалнама жүргізу.
- Бос әдістемелік күн беру.

3.2. Кәсіби қатынасты ұйымдастыру.

- Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру.

- Мұғалім жұмысындағы мектепшілік құжаттарды жүргізу жұмысы.
- Жас маманның әдістемелік сүйемелденуі;
- әкімшілікпен, ұстаздармен, әдістемелік бірлестіктегі әріптестерімен қатынасы;
- тақырыптық және сабақ жосапрларын құрастыру барысында көмек көрсету, сабақтарға қатынасу, бақылау жұмыстары үшін бірлесе материалдарды дайындау, нәтижелерді талдау және түзету.

3.3. Өз бетінше білім алу.

- әдістемелік тақырыпты белгілеу;
- жас мамандарға арналған курстық дайындақ;
- педагогикалық жаңалықтармен танысу;
- ашық сабақтарға қатысу;
- семинар, фестиваль, байқауларға қатысу.

3.4. Психологиялық қолдау.

Психолог жас мұғалімдерге кеңес береді, семинарлар өткізеді.

4. Жас мұғалімдер мектебінің сабақтарын ұйымдастыру

4.1. Жас мұғалімдермен өткізілетін жұмысты іске асыру үшін тәжірибелі педагогтар, әдіскерлер, психологтар тартылады.

Жұмыс семинар, дәріс, конференция, жеке кеңес, байқау түрінде өткізіледі.

4.2. Әдістемелік пәндік бірлестік отырыстарында жас мұғалімдердің өз әдістемелік тақырыбы бойынша баяндама немесе шығармашылық есептері «Жас мұғалімдер мектебі» жұмысының қорытындысы болып табылады. Бұл жас мамандарға есеп беруге, әріптестер табуға, өз жұмысына жауапкершілікпен қарауға және өз тақырыбын қорғауға мүмкіндік береді.